

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылы 17 қарашада N 1291 тіркелген "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2004 жылғы 20 маусымдағы N 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2963. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 28 шілдедегі N 382 бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.28 N 382 бұйрығымен.**

**Б ұ й ы р а м ы н :**

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1291 тіркелген, Заң газетінде 2000 жылы 20 желтоқсанда N 54 нөмірімен жарияланды, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 26 маусымдағы N 290 және 2003 жылғы 11 ақпандағы N 56 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықта:

1-тармақтың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінде "немесе" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтың орыс тіліндегі мәтінде "немесе" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін есептен шығару: баланстық құны 1000 еселенген ең төмен есепті көрсеткіштен артық болғанда - мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (бұдан әрі - Комитет) жазбаша рұқсатынан кейін;

100 пайыз тозғанда немесе баланстық құны 1000 еселенген ең төмен есепті

көрсеткіштен артық емес болғанда - мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша және Комитеттің аумақтық органының жазбаша рұқсатынан кейін жүзеге асырылады."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күнінен бастап он күн мерзімде осы бұйрықты ресми жариялау жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Министр*